21626379445

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 21 тамыз № 5165-24-00-2/1688 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Д.А.Бейсембекова
сот отырысының хатшысы Б.Ә.Байзақтың хатшылығында,
ашық сот отырысында аудио-, бейнежазба құралдарын, «WhatsApp» мессенджерін пайдалана отырып қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «WIN» атынан әрекет етуші Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор С.Сейілханов
талап қоюшы өкілдері К.Жарменова, Б.Тагаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 18 наурызда тараптар арасында № 70 санды электронды түрде көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі – № 70 Шарт) жасалған.

Шарттың қосымшасына сай жауапкер 2024 жылы бекітілген жұмыс кестесінде көрсетілген мерзімде, яғни келісім шартқа қол қойғаннан кейін 20 күнтізбелік күн ішінде атқаруға міндеттеме алған.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер қызметтерді көрсетпей, өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Жауапкер талап қоюға келтірген қарсы пікірінде талап қоюды мойындамай, № 70 шартқа сәйкес міндеттемелеріне радиостанцияларға диагностика қызметі және жөндеу қызметтері кіргенін, талап қоюшының өзіне ұсынылған радистанцияларының құжаттарынан анықталғанай олардың қолдану мерзімі өткені анықталып, іске жарамайтындығы туралы акт түзіліп жолданғанын. Орындау мерзімін бұзғанын, алайда міндеттерін орындағанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрған.

Талап қоюшы өкілдері талап қоюдағы уәждерін қолдап, жауапкер өз міндеттемелерін орындамағанын, қызмет көрсету жерге мүлде келмегенін, радиостанциялардың құажаттарын сұратып, іске жарамайтындығы туралы акт жолдағанын, алайда барлық радиостанцияларды осы күнге дейін қолданып жүргендерін, сақтық мақсатта жыл сайын жөндеу жұмыстарын өткізетіндерін айта келе, талап қоюды қолдап, оны толық қанағаттандыруды сұрады.

Жуапкер сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарлана тұра келмеді, алайда телефонограмма арқылы қарсы пікірдегі уәждерін қолдап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот істі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабына сәйкес жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Прокурор талап қою қанағаттандыруға жататыны жайлы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№ 1 талап бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272, 277 баптарына сәйкес міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс. Егер міндеттемеде ол орындалатын күн немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік

Документ подписан: Бейсембекова Д. А., 28.08.2024
Дата вступления в законную силу: 30.09.2024, судья Бейсембекова Д. А., 01.10.2024
5165-24-3-6/142

сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы сотқа аталған талап қоюымен уақытылы жүгінген.

Іс материалдарынан мемлекеттік сатып алудың баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы жүзеге асырылғандығы, жауапкердің шартта көзделген міндеттемелерін орындамағандығы анықталды.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдеген жоқ, талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынған жоқ.

Жауапкер мемлекеттік сатып алуға өз еркімен қатыса отырып, жасалған шарттың талаптарын қабылдап, тауарларды техникалық ерекшелікке сәйкес белгіленген мерзімде жеткізуге міндетті болды.

№ 70 Шарттың 1.1-тармағының талаптарына сай орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшада көрсетілген шартқа, талапқа сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған Жұмысты (Жұмыстарды) қабылдауға және Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндетенеді.

№ 70 Шартың қосымшасымен қамтылған шартқа сай жауапкер шартқа қол қойған күннен бастап тапсырыс берушінің сұранысы бойынша келісім шартқа қол қойғаннан кейін 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан облысы, Кентау қаласы, Ш.Уалиханов көшесі, № 17 мекенжай бойынша радиостанцияларға қызмет көрсету және жөндеу, қуатын тексеру, дивация тексеру, жалғануын қайта тексеру, микрофондар мен динамиктердің кнопкасын тазалау, разъемдарды және қабының герметикалығын тексеру бойынша қызметтер жұмыстарын орындауға тиіс болған.

Сотта анықталғандай, жауапкер № 70 Шартта көрсетілген өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған.

Демек, қазіргі таңда, жауапкер шарттың міндеттемелерін толық орындамаған. Аталған мәнжай талап қоюшының сотта берген жауабымен, істегі дәлелдемелермен бекиді.

Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

АПК-нің 72-бабына сәйкес сот талап қоюшының талабы ұсынылған дәлелдемелеріне сәйкес заңды және негізді деп табады.

Документ подписан: Бейсембекова Д. А., 28.08.2024

Дата вступления в законную силу: 30.09.2024, судья Бейсембекова Д. А., 01.10.2024

Жауапкер өз кезегінде, талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерін сотқа ұсынбады.

Сот азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін ескере отырып, оның шартты орындамау салдарынан тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды, яғни шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды назарға алып, талап қоюды қанағаттандыруды, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды дұрыс деп санайды.

№ 2 талап бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.4. тармағына сай өнім беруші қызмет көрсетуден бас тартқан немесе шарт бойынша қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы шартты бұзуға құқылы.

Талап қоюшы ұсынған тұрақсыздық айыбының есебін жауапкер даулаған жоқ, шарттағы міндеттемелерін шарт бұзылғанға дейін орындаған жоқ, сондықтан талап қоюшының бұл бөлігіндегі талабы қанағаттандырылуға жатады, жауапкерден мемлекет пайдасына 3 186 теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілуі тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет пайдасына 1 941 (бірінші талап бойынша 1 846 теңге, екінші талап бойынша 95 теңге) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Қаратау

Документ подписан: Бейсембекова Д. А., 28.08.2024
Дата вступления в законную силу: 30.09.2024, судья Бейсембекова Д. А., 01.10.2024
5165-24-3-6/142

мемлекеттік табиғи қорығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «WIN» атынан әрекет етуші Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «WIN» атынан әрекет етуші Мырзахмет Бауыржан Нұрмұхаметұлынан мемлекет пайдасына 3 186 (үш мың бір жүз сексен алты) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1 941 (бір мың тоғыз жүз қырық бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **Д.А.Бейсембекова**

Документ подписан: Бейсембекова Д. А., 28.08.2024

Дата вступления в законную силу: 30.09.2024, судья Бейсембекова Д. А., 01.10.2024

5165-24-3-6/142